



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

других государственных ведомств, казахстанских граждан прибывших в Сирию и Ирак, за тот же период, насчитывалось 500 человек [7, С.184].

Сложно переоценить все усилия и инициативы РК в сфере разоружения и ядерного нераспространения. После обретения независимости Президент РК Нурсултан Назарбаев настоял на отказе нашей страны от обладания ядерным оружием. Этот шаг является основополагающим для РК и далеко не единственным в сфере ядерного нераспространения. Казахстан на сегодняшний день является ведущей страной, призывающей мировое сообщество полностью отказаться от ЯО. Так, Президент РК Нурсултан Назарбаев в своем выступлении на заседании Совета Безопасности ООН в январе 2018 г. особо подчеркнул важность создания такой зоны [8]. В качестве одной из мер в укреплении доверия в сфере нераспространения, Президент РК Н. Назарбаев назвал создание зон, свободных от ядерного оружия. Указав при этом на то, что такая мера является самой эффективной в борьбе с расползанием ОМУ. Также призвав заинтересованные стороны возобновить работу, и выразил надежду на то, что оставшиеся между некоторыми странами разногласия вскоре будут преодолены. Поэтому, создание ЗСОМУ на Ближнем Востоке является стратегически важным для Республики Казахстан.

Список использованных источников:

1. SIPRI Yearbook 2017: Armaments, Disarmament and International Security. – Solna: Oxford University Press, 2017. – 24 p. <https://www.sipri.org/yearbook/2017>
2. Документ ООН A/RES/66/25
<https://documents-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N11/460/34/PDF/N1146034.pdf?OpenElement>
3. Официальный сайт ООН
<http://www.un.org/ru/conf/npt/2015/index.shtml>
4. SIPRI 2017. Reflections on the treaty of the Non-Proliferation of Nuclear Weapons. – Solna: Oxford University Press, 2017. – 284 p.
<https://www.sipri.org/sites/default/files/Reflections-on-treaty-on-non-proliferation-of-nuclear-weapons.pdf>
5. Наср В. Необязательная страна. – М: АСТ, 2015. – 488 с.
6. ТАСС: В Саудовской Аравии заявили о готовности создать ядерную бомбу, если это сделает Иран
<http://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/5034780>
7. Карин Е., Зенн Д. Между ИГИЛ и Аль-Каидой: центральноазиатские боевики в Сирийской войне. – Астана: СӨЗ, 2017. – 312 с.
8. АКОРДА. Выступление Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева на заседании Совета Безопасности ООН «Нераспространение ОМУ: меры доверия»
9. http://www.akorda.kz/ru/speeches/external_political_affairs/ext_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-na-zasedanii-soveta-bezopasnosti-onn-nerasprostranenie-omu-mery-doveriya

УДК 327.81

ЖАПОНИЯДА «ЖҰМСАҚ КҮШ» САЯСАТЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ МЕХАНИЗМДЕРІ

Тұрысжан Гүлшат Әлібекқызы

gulshat.turyszhan@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану мамандығының 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – Б.Ж. Абжаппарова

Бүгінгі таңда әлем мемлекеттері халықаралық үрдістерге әсер ету каналдарын белсенді кеңейтіп келеді. Мәдениет, идеология, экономикалық жетістік секілді факторлар әскери күш

пен ядролық қару иеленуге қарағанда маңыздырақ рөлге ие болуда. Мемлекеттер сыртқы саясатта «қатаң күш», агрессия мен мәжбүрлеуді пайдалану экономикалық шығындардың көбеюіне әкеліп соқтыратынын жақсырақ түсінді. Осылайша, жаһандану дәуірінде халықаралық үрдістерді жасырын түрде басқаруға негізделген «жұмсақ күш» ХХІ ғасыр мемлекеттері қолданатын басты құралдардың біріне айналып отыр. Материалдық, табиғи байлықтары аз мемлекеттер халықаралық үрдістерге өзінің сыртқы саясатында «жұмсақ күштің» құралдарын тиімді пайдалана отыра әсер ете алады.

Атап айтқандай, жаһандану заманында халықаралық үрдістерге «жұмсақ күш» арқылы әсер ету – сыртқы саясат жүргізудің ең басты құралдарының бірі. Жұмсақ күшті пайдалану көлемді қауіп, қиындық және шығындардың болуын барынша кемітуге бағытталған. Алғаш рет 1990 жылы саясаткер Джозеф Най «Bound to Lead: The Changing Nature of American Power» кітабында енгізген бұл термин қазіргі заманда әлемнің дамыған елдерінде кеңінен қолданысқа еніп келе жатыр [1]. Бұл саясатты сәтті қолдана алып келе жатқан осындай алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі – Жапония.

Жапонияның еуропалық құрлықтық мемлекеттер, Азия және Америкамен салыстырғанда тарихи және мәдениеттік айырмашылықтарына қарамастан, «жұмсақ күштің» дәстүрлі механизмдерін әлемдік саясат, экономика және мәдениетте көшбасшылық тұғырға көтерілудің маңызды жолдарының бірі деп қарастырады. Оған қоса, ұлттық дәстүрлермен байытылған жұмсақ күш әдістерін пайдалану мемлекеттің аталған саладағы ерекше, стандартты емес шешімге жүгінгендігін көрсетеді. Саяси және экономикалық мақсаттарына қол жеткізу үшін Күншығыс елі өзінің құндылықтарын насихаттау, гуманитарлы Жапонияның жағымды бейнесін құру, ынтымақтастыққа күштеп емес, сендіру арқылы қол жеткізу арқылы әрекет етуде [2].

Ұлттық бизнес мүдделерін алға қоя отырып, өздерінің құпияға толы, сондай-ақ ежелгі мәдениеті бар, көп ғасырлық дәстүрлері жинақталған, жоғары модернизациялық потенциалға ие аса тартымды ел бейнесін қолдану аралдық мемлекеттің еңбегі арқылы белсенді түрде жүзеге асуда. Негізінен, ХХ ғасырда бұл мәселе шет елдердегі жағымсыз «милитаристік Жапония» атағынан құтылып, «жұмсақ күш» қарқынын өсіруде аса өткір болған.

Жалпы алғанда, жапондық «жұмсақ күш» бүгінгі таңда үш бағытта дамып келеді:

1. Мәдениет пен тілді алға тарту. Мәдениет, өнер салаларында алмасу бағдарламаларын жасау, шет елдерде жапон тілін үйрету, шетелдіктерге арналған бизнес курстар, т.б.

2. Білім беру саласындағы ынтымақтастық. Шетелдік студенттерді тарту, оларға арнайы шәкіртақы тағайындау, студент алмасу жүргізу, т.б.

3. Дамуға ресми көмек. Жапонияның «Дамуға ресми көмекке» қатысуы дамып жатқан елдерге көмегі, жан-жақты гуманитарлық көмек жобаларына қатысуы арқылы жасалады. Дамушы елдерге грант бөлу: а) нақты жобаларға қайтарымсыз қаржылай көмек бөлу; ә) мамандар жіберу арқылы адами ресурстарды байыту мақсатындағы техникалық көмек.

Жапония ел мәдениеті мен тілін әлемге танытуды басты үш бағыттың қатарына қосу арқылы аталған саясаттағы дәстүрлі механизмдерінің маңыздылығын көрсетіп отыр. Ал оны іс жүзінде орындау тікелей Сыртқы Істер Министрлігінің (СИМ) жауапкершілігі болғандықтан, министрлік жапондық дәстүрлі және заманауи поп-мәдениетті (аниме, манга, J-POP музыкасы, видеоойындар, жапондық дорамалар, т.б.) алға тартып, шет елдерде жапон тілін үйренуді Жапондық қор арқылы демеп келеді. Басқа министрліктер және де түрлі ұйымдармен әріптестік жасай отырып, СИМ дәстүрлі жапондық құндылықтарды белсенді насихаттаумен айналысады [2].

Халықаралық қоғам пікіріне оң әсерін тигізе алатын интеллигенцияны тарту үшін Жапония СИМ елге түрлі іс-шараларға қоғам белсенділері, журналисттер, өз мемлекеттерінде келешекте басқарушы міндетіне тағайындала алатын тұлғаларды шақырады. Оған қоса, министрлік жапондық интеллектуалды элитаның халықаралық конференцияларға қатысуын қолдайды. СИМ жыл сайын жариялап отыратын есеп беру кітабында (Diplomatic Bluebook) Жапония үшін таңсық тезис беріліп, онда сыртқы саясатты тиімді жүргізу мақсатында елдің жағымды бейнесін мәдениет арқылы басқа ел үкіметтерінің алдында ғана емес, сондай-ақ

шетелдік азаматтарға да тарату керектігі көрсетілген [3]. Осылайша, Жапонияның жағымды бейнесін шетелдік үкіметтерге, беделді тұлғалар мен қарапайым халық арасында тарату қолға алынып отыр деуге болады.

Жапонияда өз дәстүрін әлемге оң тұрғыда жарнамалау арқылы жастардың арасында үлкен қызығушылық тудырып, олардың Күншығыс елінде білім алып, ғылыми зерттеулермен айналысуына да қолдау жасау арқылы шет мемлекеттермен өзара байланыс көшірін орнату тәсілі сәтті жұмыс істейді. Оған мысал ретінде Жапонияның Білім, мәдениет, спорт, ғылым және технологиялар Министрлігінің (Monbukagakusho: MEXT) жыл сайын шет елдік студент, магистрант, ғылыми зерттеуші мен докторанттарға бөлетін шәкіртақыларын айтуға болады. MEXT бойынша бакалавр студенттеріне арналған «Студент» (Гакубусей) және Никкэнсей бағдарламалары; бакалавр дәрежесін алғандарға арналған MEXT «Зерттеуші» (Кэнкюсэй) және магистратуралық бағдарламалары; MEXT докторантуралық бағдарламалары; Орталық Азия мемлекеттерінен шыққан азаматтарға арналған «1+3» (магистратура + докторантура) бағдарламасы; Жапондық әйелдер ассоциациясы ұсынатын әйелдерге арналған дипломнан кейінгі 3-6 айлық тәуелсіз зерттеу бағдарламасы және басқа да жекелеген келісімдер мен бағдарламалар ашық [4].

MEXT және СІМ-нен бөлек жапондық «жұмсақ күштің» дәстүрлі механизмдерін іске қосып отырған маңызды институттардың қатарына Жапондық қор (мәдениет пен өнер саласындағы алмасу бағдарламалары, жапон тілін шетелдерде оқыту, Жапонияны зерттеуге қолдау көрсету, интеллектуалдық алмасуды орындаушы); жапон орталықтары (Жапония тілі мен мәдениетін насихаттау, екі ел арасындағы бизнеске арналған мамандар даярлаумен айналысушы); «Cool Japan» жобасын (шығармашылық салаларында қызмет ететін жапондық орта және шағын бизнес кәсіпорындарын сыртқа шығаруға көмектесумен айналысушы) жатқызуға болады.

Жапондық қор (The Japan Foundation) – алғаш 1972 жылы СІМ қолдауымен құрылған, арнайы Жапонияның халықаралық мәдени алмасуын дамытуға арналған ұйым. Тәуелсіз ұйым дәрежесін қор 2003 жылы алған, ал қаржылай демеушілікті мемлекет үкіметі мен жеке ұйымдар мен тұлғалардық бөлген қаражаттары жасайды. Осы 2003 жылдан бастап қор өз жұмысының жыл сайынғы есебін көпшілікке жариялап отырады. Жапондық қор Жапония мен басқа мемлекеттер арасындағы мәдени алмасудың барлық салаларын қамтитын елдегі жалғыз ұйым болып табылады. Оның жоғарыда аталып кеткен негізгі үш бағыты бар.

Қор басқа елдердің өнері мен мәдениеттерімен байланысқа түсе отыра, тіл кедергілерін жеңіп, жапон мәдениетіне деген өзге ұлттар мен халықтардың қызығушылығын тудырады және ынталандырады. Жапон өнерінің және мәдениетінің кең ауқымын бүкіл әлемге таныстыру арқылы адамдарды біріктіруді көздейді. Жапон орталықтары үкіметпен қадағаланбағанымен, Жапондық қормен келісе, сонымен қатар өздері орналасқан елдің заң шеңбері аясында қызмет жасай береді [5, 135б.]. Жапондық қормен Жаһандық азаматтыққа арналған жүлде 1985 жылы құрылған. 33 жылдық тарихында аталған жүлдемен 103 ұйым марапатталған. Бұл марапат Жапония ішіндегі, сонымен бірге сыртындағы азаматтармен байланысты нығайтуға күш салып, білім, ой және тәжірибемен мәдениетаралық алмасу арқылы бөлісіп келе жатқан ұйымдарға арналған [6].

2016 жылы (жапондық жүйе бойынша 2016 жылдың 1 сәуірінен 2017 жылдың 21 наурызына дейінгі кезең) қордың аймақтар бойынша қызметінде ерекше атап кетуге болатын Оңтүстік-шығыс Азиядағы белсенділігіне келер болса, 2016-2017 жылда Жапондық қордың Азия орталығы «WA Project: Toward Interactive Asia through Fusion and Harmony» атты үкімет бастамасы бойынша Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясына (АСЕАН) кіретін аймақ пен оның айналасындағы аймақтарда Жапония мен басқа азиялық қауымдастықтар арасындағы екі жақты алмасу бағдарламаларын ұйымдастырады және қолдайды. 2016 жылы 364 адам 12 ел мен аймаққа жапон тілін үйретуге арналған «Nihongo Partners» ретінде жіберілді (日本語 nihongo – жапон тілі). Бұдан басқа, Азия орталығымен 516 өнер және мәдени алмасу бағдарламасы жүзеге асырылып, 1,16 миллион қатысушыға мәдени алмасуға мүмкіндік берді [7].

Дипломатиялық ортадағы өзгерістерге мұқият назар аудара отыра, Қытайдағы бағдарламалар жас мамандарды даярлауға, жас ұрпақты тартуға және ірі қалалардан тыс жерлерге шығуға бағытталған. 2016 жылда Жапония мен Қытай арасындағы мамандар желісін өнер саласындағы қызметкерлермен алмасу бағдарламасы арқылы және қытайлық мамандарды Жапонияға шақыру бағдарламасы көмегімен кеңейтті. Жапондық қордың «Қытай орталығы» өзінің 2007 жылы құрылғаннан кейінгі оныншы жылында жапон және қытайлық жастар үшін, негізінен, Қытайдың аймақтық қалаларында «бетпе-бет алмасуларға» арналған орталықтарда түрлі қаржылық іс-шараларды қолдады. Сондай-ақ, 2017 жылы Пекинде Жапония мен Қытай арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың қалпына келуінің 45 жылдығын еске алу күніне орай жапондық дәстүрлі кабуки театр көрсетілімі өткізілді, оған қатысқан 4200-ден астамның көбі негізінен жастар болды.

Ал Премьер-министр Синдзо Абенің 2015 жылы Орталық Азияға сапары аяқталғаннан кейін, Жапондық қор осы аймақпен алмасуды тереңдету бойынша жобаларды белсенді түрде қолдап келеді. 2016 жылда Өзбекстанға мәдени алмасу делегациясы мен жапондық дәстүрлі тайко барабан тобы жіберілді, ал Орталық Азия елдерінің барлығында жапондық жекпе-жек өнерінің көрсетілімі өткізілді. Іс-шара барысында каратэ, кэндо, дзюдо мамандары жапондық жекпе-жектегі жан-жақты таныстырды. Бұдан басқа, 22 маусымдағы Токио симпозиумында бес елдің әрқайсысының мәдениет саласындағы сарапшылары өздерінің мәдениеттеріне арналған презентацияларын ұсынды (5 елден 10 маман және Жапониядан 4 маман), сондай-ақ, жапон тілін меңгеруші 102 студент Орталық Азия мемлекеттерінен Жапонтану институтының Кансай аймағындағы тілдік дайындық бағдарламасына шақырылды[7].

Басқа дамыған елдермен салыстырғанда, Жапония «жұмсақ күштің» дәстүрлі механизмдерін әлемдік саясатта алдыңғы қатарлы рөлдерін бірін ойнау үшін маңызды әдіс-тәсілдің бірі деп есептейді. Жұмсақ күштің ұлттық потенциалын институттанған деңгейде қамтамасыз ете отыра, мемлекеттің саяси және экономикалық мүдделерін қорғайтын етіп өзінің мәдениетін кеңейтуде ұзақ мерзімдік стратегиялық жоспарлар құруын Қазақстан секілді жас мемлекеттер сыртқы саясатты жүргізуде үлгі ретінде қарастыра алады. Оған қоса, ұлттық дәстүрлерге бай жапондық «жұмсақ күш» қолданылуы мемлекеттің аталған салада дағдылы емес шешімдерге бара алатындығын көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Nye J. Soft Power: The Means to Success in World Politics. – Public Affairs, 2004. – Pp. 38.
2. В.А. Королев, С.С. Кудрявцева. «Мягкая сила» современной Японии: опыт и направления развития // Вестник международных организаций: образование, наука, новая экономика. – 2014. – С. 190-208.
3. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Diplomatic Bluebook 2013 // http://www.mofa.go.jp/policy/page22e_000013.html(қ.ж.у. 10.03.2018).
4. Стипендия правительства Японии (Monbukagakusho: MEXT) в 2017 году // http://www.kz.emb-japan.go.jp/culture-education/gakubu/2017_guidelines_ru.pdf(қ.ж.у. 10.03.2018).
5. П.А.Мошняга. Глобализация японской культуры. – М.: МАКС Пресс, 2010. – 248с.
6. The Japan Foundation Prizes for Global Citizenship // <http://www.jpf.go.jp/e/about/citizen/index.html>(қ.ж.у. 21.03.2018).
7. The Japan Foundation 2016/2017 Annual report // <http://www.jpf.go.jp/e/about/result/ar/2016/pdf/dl/ar2016e.pdf>(қ.ж.у. 21.03.2018).